Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.1, ч.2 – Б. 23-24

СӘКЕННІҢ ІЗІ ҚАЛҒАН ӨСПЕН ЖЕРІ

Байкенова Ш.Г.

Сейфуллин Сәкен (Сәдуақас) (1894-1938) қазақтың атақты ақыны, жалынды жазушысы, дарынды драматург, білікті ұстаз, мемлекеттік қайраткері, Қазақстанның қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. Қазақ КСР-інің Халық Комиссарлары Кеңесінің алғашқы төрағасы болған.

Қарағанды облысы Ақадыр (қазіргі Шет ауданы) ауданы Қарашілік қыстағында дүниеге келген. Нілдідегі орыс-қазақ, Ақмоладағы бастауыш приход мектебінде, қалалық үш класты училищеде оқыған.

Сәкеннің өмірінде маңызды орын алған осы өлкеге сапар шегіп, зерттеуімізді жүргізпекпіз. Өспен (Нілді) - Қарағанды облысындағы елді мекен. Тұрғыны 1,2 мың адам (2006), бүгінде 2090 адам. Аудан Орталық - Ақсу-Аюлыдан батысқа қарай 110 км, Қарағанды қаласынан оңтүстікке қарай 200 км жерде орналасқан. Іргесі орыс көпесі Н.Ушаков ашқан мыс кен орнының негізінде 1847 жылы қаланған. XIX ғасырда Нілді болысының, кейіннен Нілді және басқа болыстар біріктіріліп, Асан Қайғы болысы ұйымдастырылған кезеңде осы болыстың Орталығы болды. Асан Қайғы болысының негізінде 1928 жылы Асан қайғы ауданы құрылып, 1929 жылы С.Сейфуллиннің ұсынысымен Жаңаарқа аудандық болып қайта құрылғанда Успен руднигі деген атаумен осы ауданның құрамына кірді. Өспен кенішінде 1905 жылы желтоқсан айында ел тарихында елеулі орын алған жұмысшылар ереуілі болды. Қазақстандағы метталогения мектебінің негізін қалаушы, геология саласының көрнекті маманы Қаныш Сәтбаев Өспен мыс қорыту зауытында болып, онда ғылыми барлау жұмыстарын жүргізген. 1906-09 жылы Өспендегі мектепте қазақ халқының даңқты ұлдарының бірі С.Сейфуллин оқыды.

Әкесі тоғыз жасар Сәкенді тіл үйренсін деп Нілдідегі таныс орысының үйіне тұрғызады. Сәкен әлгі үйдің таусылмайтын қара жұмысын тиянақты атқара жүріп, кемпірінен бір жыл орыс тілін үйренеді. Одан кейін екі жыл зауыт мектебінде оқиды. Болашақ күрескер ақын кеніштi қаладағы зауыт, шахта жұмысшыларының аянышты өмірімен танысып, ереуілдерін көріп, соларға бүйрегі бұрады. Сәкеннің алғаш ақындығының тұтанып

Оқып жүр бай баласы – Тақай сасық,
Кәсібі – ылғи жейді кәмпит сатып.
Өзім мен өзгелерге қарамайды
Оқуға ерте тұрған асып-сасып,

– деген шәкірттік шумақтары дүниеге келген.

Өспендіктер Алаштың алып азаматы Сәкен Сейфуллин осы өлкеде сауатын ашып, табанының табы қалғанын мақтан етеді. Иә, орысша тіл сындырып, білім алған бұл мекен, ақынның өмірінің тарихында айрықша орын алатыны анық.

Нілді кенттінде Сәкен Сейфуллинн атындағы орта мектеп, ақынның ескерткіші орнатылған. Сондай-ақ, мұражай да ашылған. "Сәкен мектебінің ұзақ тарихы бар. XIX ғасырдың аяғында ағылшындар біздің мысымызды мынау Спасскіге апарып, шала-шарпы қорытып, өз елдеріне жібергенде бейнетті қазақ жұмысшылары тартатын. Содан кейін орыс жұмысшылары көретін. Жалдаушылар артығымен асайтын кезде қазақтарға жаны ашығандықтан емес, өз ұрпақтарын ептеп оқытып, хат танытатын деңгейде білім беретін русско-киргизский (ол кезде казахский делінбейтін) мектеп ашқан-ды. Соған Сәкен оқуға келген. 20-30 жылдары русско-казахская начальная школа, 30-40 жылдары Өспен орталау мектебі, өмірдің қиястығы ма, әлде амалдың жоқтығынан ба, 1940-43 жылдары он жылдық мектеп болды. Ал 1943-тен 1954 жылға дейін жеті жылдық, 1954-1994 жылға дейін орта мектеп болдық. 1994 жылы, Сәкеннің 100 жылдығының шапағатымен, Өспен деген кент атауын алып тастап, Сәкен орта мектебі деген айрықша атау алып, күні бүгінге дейін кенттегі, төңіректегі ауылдың балаларын оқытып келеді. Бір ғажабы, Өспеннен ел көшкен жоқ. Қайта төңіректегі ауылдардан келіп, қоныстанып жатқандар бар", – дейді Кітапбай Серікұлы Оразбаев.

Сәкен оқыған үйдегі мұражайдан мәдениеттің белгісі, мол мұраның көзі байқалады. Өзінің аяулыларын ел осылай қадірлеуі мұражайдың директоры Әйгерім Махажанованың біраз еңбегі көрінеді. Қадірлеген, құрметтеген азаматтардың есімін әр түрлі мәдениет ошақтарына, әсіресе мектептерге, тұрған жерінің атына қосақтап беріп келеміз ғой. Ал мына Өспен кентінде ешбір қоспасыз Сәкен орта мектебі деп аталады. Өспенге немесе іргедегі Нілді бекетіне жапсырылмай, өз алдына Сәкен мектебі деп аталатын оқу орны осы. Мұражай мен мектепке беттегенде Ресей суретшілер одағының мүшесі Серік Бәкірұлы Қадыровтың өз қалауымен «Бәйтерек» атты бюсті мен Мейрам Тайшықов салған Сәкен суреті өткен-кеткендердің көзіне еріксіз түсіп, мектепке дейін шығарып салады екен.